«6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жампетова Айгерим Оралбековнаның «Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері «Қазақстан-2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының, «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» , «Сындарлы қоғамдық диалог– Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы, «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс - қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауының және өзге де маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен Стратегиялардың негізгі бағыттарына сәйкес келетін ауқымды ғылыми жұмыс болып табылады.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	Диссертациялық жұмыс докторанттың 2017-2020 жылдары аралығында тәмамданудан өткен мемлекеттік грант аясында жүзеге асырылған.

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс қазіргі жағдайдағы Қазақстандағы саяси құндылықтардың ерекшеліктерін, сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Автор ұсынған негізгі ғылыми тұжырымдар ғылымға үлес қосады. Зерттеуде қоғамдағы саяси құндылықтардың өзгеруіне, оның ішінде геосаяси, әлеуметтік және мәдени контексттердегі өзгерістерге аса назар аударылады. Бұл тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын айқындап, қазіргі қоғамның даму үрдісіне, әсіресе, модернизация мен саяси өзгерістерге әсерін анықтау,а мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың өзіндік жазу деңгейі жоғары. Тақырыпқа қатыста ғылыми еңбектердің көп болуына қарамастан, диссертанттың авторлық позициясы жұмыста айқын көрінеді. Сонымен қатар, докторант дербес әлеуметтік сауалнама жүргізіп, нәтижелерін көрсеткен.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген. Автор белгелеген жұмыстың өзектілігі қазіргі Қазақстандағы шынайы саяси өмірге сәйкес келеді. Тақырыптың маңыздылығы мемлекетте болып жатқан саяи өзгерістермен айқындалып, «Жаңа Қазақстан» құрудағы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жариялаған реформалар мен стратегиялық құжаттарға негізделеді. Диссертацияда қоғамның саяси құндылықтарын зерттеп, олардың трансформациясына саяси және ретроспективалық талдау жүргізілген. Бұл елдегі саяси процестердің, әсіресе, саяси өзгерістер мен модернизацияның қоғамға әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда, жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбымен сәйкес келеді. Жұмыста тақырыпты ашуда саяси

		1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	құндылықтарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық және тарихи аспектілер көрсетілген, сонымен қатар саяси құндылықтардың қалыптасуына саяси әлеуметтенудің рөлі теориялық тұрғыда ашылған. Жұмыстың екінші бөлімінде қазіргі кездегі Қазақстандағы саяси құндылықтардың қалыптасуына назар аударылады, оның ішінде саяси құндылықтардың тарнсформациясына әлеуметтік – экономикалық факторлар жұмыстың мазмұнында белгіленіп, діни идентификация мәселесіне ерекше тоқталады. Жұмыста сонымен қатар Қазақстан мен Түркия мемлекеттеріндегі жастардың саяси құндылықтарына салыстырмалы талдау жасалынған. Жұмыстың мазмұны күрделі, диссертация тақырыбын асыра айқындайды. Кейбір тақырыптарды біріктіру жұмыстың бірізділігін, құрылымын жеңілдетуге әсер етер еді. Дегенмен де бұл ескерту жұмыстың тақырыбының айқындалмай қалуын білдірмейді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмыстың мақсаты ретінде қазіргі заманғы қоғамның жаңғырту контексіндегі саяси құндылықтардың трансформациясын саяси және ретроспективалық талдау жасау белгіленген. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеуші саяси құндылықтардың қалыптасуы мен дамуын, олардың жүйелерін талдауға, сондай-ақ осы өзгерістерге әсер ететін негізгі факторларды айқындауға бағыттай отырып жасады. Зерттеу міндеттерінде саяси құндылықтардың мәні мен мазмұнын анықтау, қазақстандық және шетелдік теориялық негіздермен салыстырмалы түрде талдау жүргізу, саяси әлеуметтену институттарының рөлін бағалау, демократиялық құндылықтардың қалыптасуын зерттеу және жаңа саяси құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақтың құндылықтық жүйесін талдау сияқты негізгі міндеттер нақты қойылған. Бұл міндеттер зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты және жұмыстың мақсатына сәйкес келеді, себебі

			олар саяси құндылықтар мен оның трансформациясын жаңжақты зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыста қазақстандық және түрік жастарының саяси құндылықтар жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстырмалы түрде зерттеу міндеті қосымша аспект ретінде ұсынылған, бұл жұмысқа ғылыми тереңдік қосып, оның өзектілігін арттырады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыс құрылымы мен бөлімдері логикалық түрде ішінара өзара байланысқан. Әрбір бөлім жұмыстың тақырыбы мен мақсатына негізделіп, бұрынғы зерттеулер мен теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, зерттеудің эмпирикалық нәтижелерімен толықтырылып отырады. Жұмыс жоспарындағы 1.1, 1.3, 2.2 бөлімдер бірден көп бөлімшелерге бөлінуін меңзейді. Осы тарапта бөлімдерді біріктеру немесе жалғастыру жұмыстың құрылымын жеңілдететін еді.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынылған жаңа шешімдер мен әдістерді салыстырмалы түрде зерттеген және оларды бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып, сыни тұрғыдан талдау жасаған. Мысалы, автор түрлі әлеуметтік сауалнамаларды, сенімді зерттеулерді және әлемдік деңгейдегі ғылыми нәтижелерді қайта сараптап, жаңадан алынған деректер мен бұрынғы зерттеулер арасындағы айырмашылықтарды көрсетуге тырысқан. Осылайша, автор жаңа шешімдерді негіздеуде терең сыни талдау жүргізген.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен ережелер ішінара жаңа. Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы негізінен автормен жүргізілген Қазақстан мен Түркия жастарындағы саяси құндылықтар жүйесін салыстырмалы талдаумен айқындалады. Сонымен қатар автор жастар арасында саяси сананың жаңғыруы үшін арнайы әлеуметтік бағдарламалар мен жастардың саяси қатысу деңгейін арттыруға бағытталған жаңа ұсыныстар береді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеуде сауалнамалардың нәтижелері мен фокус-топтар әдісі арқылы әлеуметтік-экономикалық жағдай мен саяси қатысудың арасындағы байланысты анықтау мақсатында жаңа әдіснамалық тәсілдер қолданылған. Бұл әдіс саяси қатысуды зерттеу саласында жаңашылдық болып табылады, себебі сауалнамалар мен әлеуметтік зерттеулер нақты саяси жағдайларға негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Қазақстан мен Түркия жастарындағы саяси құндылықтардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын зерттеу барысында салыстырмалы талдау жасаудың нәтижесінде жаңа, нақты деректер пайда болды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Тәуелсіз Қазақстандағы саяси құндылықтардың өзгеруі мен дамуын ескере отырып, диссертацияда толығымен жаңа басқару шешімдері ұсынылған. Бұл шешімдер қоғамдық саясатты жетілдіру үшін қолданылатын басқару шешімдеріне негізделеді. Мысалы, жастардың саяси құндылықтарын дамыту үшін білім беру жүйесін жаңғырту, саяси ақпараттандыруды арттыру және саяси институттарға сенімділікті арттыру бойынша ұсыныстар берілген. Бұл шешімдер Қазақстанның саяси құрылымында қажетті өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Докторант өз жұмысында зерттеудің сандық және сапалық әдістерін қолданған. 2011 және 2018 жылдары Қазақстанда World Values Survey өткізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері, докторант тарапынан Survio платформасы арқылы қазақстандық және түрік жастары арасында әлеуметтік зерттеу, жауаптардың себеп-салдарлық негіздерін талдау мақсатында 15 респондент қатысқан жеке жүргізілген фокус-топ әдісі, Survio платформасы арқылы жастардың құндылықтық жүйедегі діннің рөлін анықтау мақсатында жүргізілген өзіндік әлеуметтік сауалнама нәтижелері қолданылды. Сонымен қатар, Freedom House, Еуразиялық интегразия институты, «Жастар» ғылыми зерттеу орталығы, Фридрих Эберт қоры сияқты әлемдік және қазақстандық зерттеу институттарының ғылыми-зерттеу

			нәтижелеріне қайта талдау жүргізілді. Әрине, бұл ауқымды дәлелдерді келтіргендігін ашып көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	7.1 Диссертацияда саяси құндылықтар мен олардың даму, өзгеруі туралы көрсетілген барлық негізгі тұжырымдар, ережелер ғылыми негізде дәлелденген. Жұмыста ұсынылған теориялық талдаулар мен тұжырымдар қоғамдағы саяси өзгерістерге және саяси құндылықтардың дамуындағы өзгерістерге қатысты нақты әдебиетке сүйенеді. Автордың концептуализациялары мен пікірлері деректермен, тарихи, әлеуметтанулық және саяси анализдермен толыққанды бекітілген. Докторант саяси құндылықтардың терең тарихи эволюциясын, Қазақ хандығы кезіндегі саяси құрылым мен институттар, қазақ зиялыларының саяси құндылықтар өзгеруіне ықпал ету талпыныстары, Қазақстанның кеңес кезеңінен тәуелсіздікке өту кезіндегі өзгерістерді дәлелдеу үшін автор нақты тарихи деректер мен әлеуметтік-саяси анализдерді қолданған. 7.2 Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен ережелер тривиалды емес. Жұмыстың маңызды ерекшелігі – саяси құндылықтарды әлеуметтік-экономикалық, мәдени және тарихи контексте талдап, олардың қоғамдағы орны мен маңызын көрсету. Бұл зерттеулердің жаңашылдығы мен өзектілігі олардың саяси модернизация мен демократиялық процестермен тығыз байланысында жатыр. 7.3 Диссертациядағы негізгі тұжырымдар мен ережелер жаңашыл. Автор саяси құндылықтардың және саяси әлеуметтенудің өзгеруіне қатысты жаңа көзқарастар ұсынады. Әсіресе саяси құндылықтардың трансформациясы мен

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	қоғамдағы өзгерістердің бір-біріне әсерін қарастыруда тың ғылыми ойлар ұсынылған. Қазақстан қоғамының саяси құндылықтарының өзгеруін тарихи және қазіргі кезеңдермен байланыстыра отырып талдау зерттеудің жаңа бағыттарын ұсынады. Заманауи тәуелсіз Қазақстанның құрылуы кезеңдеріндегі саяси құндылықтар мен саяси мәдениеттің өзгеруі жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастырылған. 7.4 Автор ұсынған нәтижелер мен тұжырымдар тек Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ халықаралық деңгейде қолдануға мүмкіндігі бар. Әсіресе жастар саясаты, саяси қатысу және саяси мәдениеттің өзгеруі туралы зерттеу нәтижелері түрлі елдерде практикалық қолданысқа ие болуы мүмкін. Мысалы, жастар саясатын дамыту бойынша ұсыныстар, әсіресе Қазақстан мен Түркия арасындағы салыстырмалы зерттеулердің нәтижелері саяси мәдениет және демократиялық процестерді дамытуға бағытталған халықаралық тәжірибеде қолданылуы мүмкін. 7.5 Бұл зерттеу жұмысының нәтижелері Web of Science халықаралық базасына енетін Sotsiologicheskie issledovaniya (Социологические исследования) басылымында «О политических ценностях и предпочтениях современной студенческой молодежи Казахстана» атты мақаласы жарияға шықты (2024).
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Автордың әдіснамасы толық және нақты жазылған. Диссертациялық жұмысты даярлау барысында докторант жан-жақты талдау жасай отырып, зерттеу жұмысының әдіснамасы мен әдістерін жүйелі әрі толыққанды қолданғаны еңбектің мақсатына қол жеткізуінде көрінісін табуда. Бұл әдіснамалық тәсілдер ғылыми зерттеудің жоғары деңгейде жүргізілгенін және нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманға сай онлайн түрде жасалған Survio платформасын пайдаланумен дәлелденіп отыр.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда келтірілген теориялық қорытындылар мен модельдер нақты эксперименттік деректермен дәлелденген. Автор саяси құндылықтардың өзгеру заңдылықтарын зерттеу барысында нақты эксперименттік және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенген. Сонымен қатар, докторант заманауи қоғамның соңғы тенденциялары мен өзгерістеріне, оның қазақстандықтардың саяси құндылықтарында көрініс толықтай зерттеп көрсеткен.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ғылыми жұмыс халықаралық тәжірибеде танымал зерттеушілердің, айтар болсақ M.Olkott, D.Hoffman, Noda Jin, V.Martin, Ian W. Campbell, Laura L. Adams еңбектерін зерттей отырып, ішінара расталып, диссертацияда көрсеткен.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста 189 әдебиет тізімі зерттеліп, жұмыстың толық мәні мен мазмұнын ашып көрсету үшін жеткілікті деп бағалануда.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Қазақстанның саяси құндылықтары мен олардың трансформациясына қатысты тақырып әлі толық зерттелмеген және диссертант бұл мәселені жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырады. Сонымен қатар, қазақстандықтардың саяси құндылықтарындағы өзгерістер мен оның әлеуметтік-саяси процестерге ықпалы жаңа зерттеу бағыттарын ашып отыр.
		1) бар;	
		2) жоқ.	

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыста қазақстандықтардың құндылықтар жүйесіндегі саясаттың алатын орны мен рөлі, олардың саясатқа қатысу деңгейі, наразылық әлеуетінің өзгеру динамикасының зерттелу нәтижелері саяси ғылымда жоғары практикалық маңызға ие.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда мемлекеттік саясатты қалыптастыруда саяси құндылықтардың маңыздылығын атап өту маңызды. Автор саяси құндылықтардың өзгеруін және қоғамдағы қабылданған құндылықтар жүйесінің саясатқа ықпалын ескере отырып, саяси партиялар мен мемлекеттік институттардың саяси бағдарларын қайта қарау керектігі туралы, басқару модельдерін жетілдіру қажеттігін көрсетіп ұсыныс жасаған. Бұл ұсыныс бұрыннан белгілі болғанымен, қазіргі заманғы саяси трансформациялар мен саяси мәдениеттің өзгеруін ескере отырып, жаңартылған тұрғыдан көрсеткен.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Автор күрделі ғылыми мәселелерді түсінікті, жүйелі және ғылыми тілде жеткізе білген. Барлық тұжырымдар мен зерттеу нәтижелері логикалық түрде байланыстырылған және нақты дәлелдермен қолдау тапқан.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларына» толықтай сәйкес екенін атап өткеніміз жөн. Дегенмен, диссертация бойынша ескертуді айтар болсақ: 1. Докторант диссертациялық жұмыста Қазақстан мен Түркия жастарының саяси құндылықтарын салыстыра отырып, түрік ғалымдарының еңбектеріне көбірек шолу жасауына болар еді. 2. Ғылыми жұмыстың теориялық бөлімін жазу барысында шетелдік ғалымдардың еңбектеріне баса назар аударған, алайда қазақстандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарына көбірек мән берілсе жұмыстың сапасын одан әрі жоғарылататын еді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыс бойынша жазылған мақалалар мен ғылыми еңбектердің деңгейі айтарлықтай жоғары, халықаралық дәрежеде сыннан өтіп, мысалы Түркия елінде қатысқан халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалып, жарық көрген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D0502000» Саясаттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар» тақырыбындағы диссертация жан-жақты зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, Жампетова Айгерим Оралбековнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Тұран университетінің «Халықаралық қатынастар және дипломатия»
жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры,
саясаттану ғылымдарының PhD докторы

КЕҢСЕ Асылтаева Э.Б.